

Тәуелсіздіктің біздің
бәрімізге артар міндеті мол.
Еңселі ел болудың жолына
шындап түсуіміз керек.
Әулетіміздің асуы да,
дәулетіміздің тасуы да өз
қолымызда...

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ



«АҒАШТАРДЫ
АЯЛАЙЫҚ!»

3

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ТӘУЕЛСІЗДІК –
ҚАЗАҚТЫҢ
БАЙЛЫҒЫ

4

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 13 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
798 856

II компонентпен
630 426

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

6-7

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

17

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Олимпиадада жүлде алған алты спортшы «Құрмет» орденімен, тағы екі спортшы III дәрежелі «Барыс» және II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне мемлекеттік наградалар табысталды. Тиісті Жарлық Ақорда сайтында жарияланды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен XXXII жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістігі үшін III дәрежелі «Барыс» орденімен дзюдошы Елдос Сметов, II дәрежелі «Достық» орденімен ауыр атлет Зильфия Чиншанло марапатталды.

«Құрмет» орденімен Дархан Асаділов (каратэ), Софья Берульцева (каратэ), Сәкен Бибосынов (бокс), Қамшыбек Қоңқабаев (бокс), Нұрислам Санаев (еркін күрес), Игорь Сон (ауыр атлетика) марапатталды.



СПОРТ НЫСАНДАРЫ қолжетімді болады

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев
жеке инвесторлар есебінен салынып жатқан
бірқатар спорт нысандарын аралады



Алматыда бұқаралық спортты дамыту және қалада кәсіби спорт командаларын дайындау мақсатында спорттық инфрақұрылым белсенді түрде жаңартылып, нығайтылуда.

Жұмыс сапары барысында спорт нысандарының құрылыс барысымен танысқан шаһар басшысы олардың материалдық-техникалық жабдықталуын және тұрғындар үшін қолжетімді болуын тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте).


ҚЫСҚА...

- Елімізде маманнан талап етілетін «дағдылар тізбесі» жасалып жатыр.
- Биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша 500 стипендия «ғалымдар» санатына беріледі.
- Алматыда 278 мектеп бар, оның 71-і жекеменшік. Тағы 8 жекеменшік мектеп 1 қыркүйекте ашылады.
- Қалада алты жолақты бассейн күзде пайдалануға беріледі.
- Мегаполисте коронавирус жұқтырған 229 бала ауруханада жатыр.
- Досмұхамедов көшесінде (Жамбыл көшесінен Шевченко көшесіне дейін) және Шағабутдинов көшесінде (Қабанбай батыр көшесінен Жамбыл көшесіне дейін) 25 қыркүйекке дейін автокөлік қозғалысы шектеледі.



СПОРТ НЫСАНДАРЫ

қолжетімді болады



(Басы 1-бетте)

Мәселен, қазіргі таңда Орталық мәдениет және демалыс саябағында Алматы велоспорт федерациясының қаржысы есебінен спорттың осы түрін танымал ету мақсатында велотрестің инфрақұрылымы модернизациялануда. Бұған орай жолдың беті өзгереді, велотрестің аумағындағы BMX жолы да жаңартылады. Жұмысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Мамандардың айтуынша, модернизацияланған велотрест балалар мен жасөспірімдердің және кәсіби спорттың дамуын жаңа деңгейге көтереді, Almaty Cycling Team құрлықтық велокоманданың дайындығын күшейтеді. Сонымен қатар, барлық халықаралық талаптарға сай велотрест мегаполисте өтетін жарыстардың күнтізбесін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы бейімдеу-жаттығу орталығы, спорт залы мен жабық бассейні салынып жатқан «Халықаралық шаңғы трамплиндері кешенінің» II кезеңін іске қосу барысымен де танысты. Әмбебап жаттығу залы 580 орынға есептелген және күрес, футбол, волейбол, баскетбол

және басқа спорт түрлеріне арналған. 6 жолақты алаңы 25х16 шақырым болатын жабық жүзу бассейні жартылай олимпиадалық қашықтыққа есептелген. Мұнда спортзал да қарастырылған. Нысан күзде пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Бүгінде Бостандық ауданында, Гагарин саябағының солтүстігіне қарай Champion жеке қорының қолдауымен заманауи спорт кешенінің құрылысы басталды. Онда мүмкіндігі шектеулі жандар да жаттығулар жасай алады. Аяқталуы келесі жылға жоспарланған.

Бүгінде Алматыда 3400-ге жуық спорт нысаны, оның ішінде 12 стадион, спорт сарайы, 14 спорт кешені мен 12 спорт ғимараты бар. Сонымен қатар, мегаполисте құрама командалардың 5 жаттығу орталығы, 3 шаңғы базасы, 12 ату тирі, ату алаңы, велотрест, секіру трамплині, 6 хоккей қорты және конькимен жүгіру стадионы жұмыс істейді. 2671 тегіс құрылымдар, 102 теннис қорты, ипподром, 10 спорт манежі, 51 бассейн, 483 спорт залы, 12 кіріктірілген спорт залы және бар.

Алматыдағы жабық спорт ғимараттарының жалпы алаңы 81 503 шаршы метрді

құрайды. Биыл оларды жергілікті бюджет есебінен көбейту үшін қала шетінде жалпы алаңы 38 мың шаршы метр болатын 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис орталығы салынады. Жалпы, өткізу қабілеті тәулігіне 5250 адамды құрайтын спорттық 150 секция бар.

Сондай-ақ, бюджеттен тыс қаржы есебінен 6 жаңа спорт нысанын, оның ішінде ДСК, үстел теннисі орталығын, теннис орталығын, күрес кешенін, «Сұңқар» ХШТК-да гимнастика залы мен спорт кешенін салу жоспарлануда. Спорттың 15 түрінен 70-тен астам спорт секциялары ашылады.

Жұмыс сапарының соңында Б.Сағынтаев «Думан» шағынауданындағы жолдарды күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Бүгінде ұзындығы 13,4 шақырым болатын 29 көшедегі күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды, асфальтбетон жамылғысы төселіп, арық желілері мен тротуарлар жасалды. Ұзындығы 14 шақырым болатын қалған 24 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде, аяқталуы күзге жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕКТЕПТЕР ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН



Рая
ЕСКЕНДІР

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары барысында қала мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығымен танысты. Ондағы жүргізіліп жатқан сейсмикалық күшейту жұмыстары мен құрылысы аяқталып қалған жаңа корпусардың сапасын тексерді. Сонымен қатар, қала әкімі тиісті саланың жауапты адамдарына білім беру мекемелерінің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ерекше тапсырды.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Алмалы ауданындағы И.В.Панфилов атындағы №54 Қазақстан–Ресей мамандандырылған мектеп-лицейінде жүріп жатқан ғимаратты сейсмикалық күшейту жұмысымен танысты.

Күрделі жөндеу кезінде қаламыздағы көне ғимараттың бірі саналатын, сонау 1938 жылы салынған мектептің тарихи қасбеті қалпына келтіріліп, ашық спорт алаңы жаңартылды. Қала басшысы жөндеу жұмыстарының тез аяқталып, мектептің уақытында пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Осыдан соң қала басшысы «Орбита-1» ықшамауданындағы №60 мектеп-гимназияға да барды. Жаңадан салынып жатқан 600 орынды жаңа корпуспен танысты. Қосымша ғимарат мектептегі оқушы орнының тапшылығын жоюға мүмкіндік беретін болды. Бұдан өзге, мектеп аумағында жаңарған спорт алаңы салынып бітті. Сонымен, бұрынғы спорт залына қоса, енді жаңарған мектепте екі спортзал мен ашық спорт алаңы пайда болды.

Қазіргідей қиын жағдайға қарамастан, Алматыдағы 207 жалпы білім беретін мектептің барлығы спорт залдармен 100% қамтамасыз етіліп, биыл 33 мектеп стадионын модернизациялауға 1 млрд. теңге бөлінді. Сондай-ақ, орта білім беру жүйе-



сінде 110 мың баланы қамтитын 3721 спорт секциясы жұмыс істесе, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында білім мекемелерінің 8 спорт алаңы қайта жаңғыртылуда. Бұған дейін де осы жоба аясында екі мектеп аумағындағы спорт алаңы қайтадан жаңартылған еді.

Қала әкімі өз сөзінде оқушылар арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау үшін мектептердің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді баса тапсырды.

Жалпы, Алматы мектептерінде денсаулық жағдайына байланысты емделушілерді қоспағанда, барлық мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлері 100% вакциналанды. Дәл қазір дәстүрлі білім беру форматына көшу үшін мектептерде, балабақшаларда, интернаттарда коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау шаралары қатаң жүргізіліп жатыр. Барлық ұйымдар санитарлық жуғыш және дезинфекциялық құралдармен, сондай-ақ антисептиктермен толық жабдықталған.

Дәстүрлі оқу барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылады. Осы ретте термометрия, визуалды тексеру, эфир, кварцтау жұмыстары қатаң қолданылатын болады.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Қонаев көшесі, 127 мекенжайындағы 3 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығының ғимаратындағы реконструкциялау жобаларымен де танысты. Бұл жерде туа біткеннен бастап бір жасқа дейінгі және тұқым қуалайтын аурулары бар балалар бақылау мен оңалтудан өтеді.

Осы маңға жақын орналасқан Қонаев көшесі, 122 мекенжайындағы ғимаратты да қарап шықты. Бұрын мұнда қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы орналасқан болатын. Қазір басқарма Әлеуметтік қызметтер үйіне көшкендіктен, енді бұл ғимарат 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығына және аутизмді бар балаларға қолдау көрсету орталығына айналады. Жобаны қазан айында аяқтау жоспарланып отыр.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматының барлық мектептері спорт залдармен
100%
жабдықталған.



Қалада
280 мыңнан
астам мектеп оқушысы
дәстүрлі білім форматына
оралады.



Алматылық дәрігерлерге
үстемақы төлеуге
18,3 млрд.
теңге бөлінді.



Биыл мегаполистегі жол апаты көрсеткіші
30%-ға
төмендеді.



Шаһардың сыртқы жарықтандыру ұзындығы
4 815
шақырымды құрайды.



ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ

«АҒАШТАРДЫ АЯЛАЙЫҚ!»

Шаһарымызда қуаңшылыққа қарсы қандай шаралар жүргізіліп жатыр?

Биылғы жаз аптап ыстық пен қуаңшылық әкеліп, жасыл қала саналатын Алматының өзінде кейінгі кездері күздегідей сарғайып кеткен ағаштарды жиі көзіңіз шалады. Осыдан біраз бұрын қуарған ағаштарға дем берейік деп, біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингі («Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің) ұжымы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Ағаштарды аялайық!» атты челлендж бастаған болатын. Аталмыш игі шараның журналистер қауымы қатарынан ғана емес, қалың жұртшылық арасынан да қолдау тапқанына қуаныштымыз. Ендігі кезекте алып шаһарымыздың жасыл желектері қалай суарылатыны жайлы айтатын боламыз.



Динара
МҰРАТ

Соңғы мәліметтерге сәйкес, Алматыда жалпы саны 2,4 миллион ағаш өседі. Алайда, оның 1,8 миллионы, яғни 77%-ы ғана қаланың жасыл қорына еніп отыр. Себебі, қалған 539 мың ағаш (23 %) ауру немесе әлсіз жағдайда. Қуаңшылық салдарынан апаттық жағдайдағы ағаштар саны одан әрі көбеймес үшін қала бойынша суару жұмыстары күшейтілді.


Түркісіб ауданында жасыл аймақтардың жалпы ауданы 112,4 га құрайды, оларды күтіп-баптауға 121,2 миллион теңге қарастырылған. Аудандағы ағаштардың жалпы саны – 424 мың.

Маусым айында бес мыңнан астам ағашы бар Желтоқсан саябағы да аудан қарамағына берілді. Саябақты күтіп ұстауға үнемдеу есебінен аудан 20 миллион теңге бөлі.

Жыл бойы бөлінген қаражатқа аудандарда мынадай жұмыстар орындалады: бақша жолдары мен баспалдақтарды күту, сыпыру

Апаттық
жағдайдағы
3,3%

Әлсіз
ағаштар
19,5%



Жасыл
қор
77,2%

Қалада жасыл желектерді суару үшін суару жүйелері, арық желілері, арнайы көліктер мен мотопомпалар қолданылады. Жасыл желектерді суаруды аудандық әкімдіктер арықтар суын пайдаланатын 131 бірлік суару машинасы мен 79 бірлік мотопомпасы бар 20 мердігерлік ұйыммен бірлесе отырып, жүзеге асырады.

«Алматы» арнасында тікелей эфирде өтетін «Akimat LIVE» бағдарламасында Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская қала бойынша мерзімдік суару жұмыстары қандай режимде жүргізіліп жатқаны жайлы айтқан болатын.

«Қазіргі уақытта суару екі ауысымда жүргізіледі: кешкі сағат 20.00-ден таңғы 6.00-ге дейін. Осы уақыт аралығында тек жол бойындағы ағаштар суарылады. Ауа температурасы күрт көтерілгендіктен, біз техника мен қызметкерлер санын 40%-ға арттырдық. Ал күндіз жасыл аймақтар, саябақтар мен скверлерді суарамыз. Мұнда біз қолайсыз, шалғай аудандарға арналған арықтар суы мен мотопомпалар қолданылатын су жіберу әдісін қолданамыз. Одан бөлек, суару кезінде жасыл кеңістіктің жалпы жағдайын сақтау үшін минералдар мен тыңайтқыштарды қолданамыз. Осы жұмысқа ірі кәсіпорындарды жұмылдырудамыз», – деп түсіндірді басқарма басшысы.

Енді жоғарыда аталған жасыл аймақтар мен саябақтар, скверлерді суару мәселесіне толығырақ тоқталайық. Оларды күтіп ұстауға жергілікті бюджеттен жыл сайын қаржы бөлінеді. Ол қаражаттың нақты неге жұмсалатынына көңіл аударайық.

Мысалы, Алматы ауданында гүлбақтардың, желекжолдардың, саябақ және жасыл аймақтардың жалпы ауданы 90 гектардан асады. Осы аумақты баптауды бөлінген 328 миллион теңгеге мердігер компания жүргізеді. Мұнда аудандағы ағаштардың жалпы саны 213 082-ні құрайды.

Бостандық ауданының жасыл қоры 408 937 ағаштан тұрады. Оның ішінде 10195 апатты және қуарған, 66 872 әлсіреген, 331 870 сау ағаштар бар. Ауданның саябақтарының, гүлзарларының және басқа да жасыл аймақтарының жалпы көлемі 309,7 га құрайды, оларды күтіп ұстауға ағымдағы жылы 660 миллион теңге бөлінді.

және жуу (күн сайын), қар мен мұздан тазарту (қысқы кезеңде), гранит және мәрмәр беттерін күту. Көгалдар мен қоқыс жәшіктерін күнделікті қоқыстан тазарту. Көгал жиегін тасты қоқыстан, қардан және мұздан тазарту. Раушандарды жабу, ашу, іріктеп кесу және арамшөптерді жю. Көгалдарды шабу, қалпына келтіру мен суару. Біржылдық көшеттерден гүлзарлар орналастыру, қоқыс жәшіктерін, орындықтарды, гүл құмыраларын, көгал қоршауларын орнату.

Сондай-ақ, брусчатка мен граниттен жасалған жабынды ағымдағы жөндеу, бұталы қоршауларды қию, вегетациялық кезеңде суару-жуу машиналарымен жас ағаштар мен өсімдіктерді суару жүргізіледі. Агротехникалық іс-шаралар (раушан мен көгалдарды тыңайтқыштармен қоректендіру), саябақтардағы, скверлердегі арық желілерін (тас кюветтерді) тазалау, бақша дивандары мен орындықтарын күту. Көгалдар мен гүлзарларды құлаған жапырақтардан, ағаштардан, бұтақтардан, қоқыстардан тазарту. Ағаш өскіндерін алып тастау мен оның діңін көтеру. Қоқыс жәшіктерін, орындықтарды, гүл құмыраларын, металл қоршауларды бояу және ағымдағы жөндеу. Жиналған жапырақтар мен шабылған шөптерді, көше жиектеріндегі бұтақтарды және басқаларды күнделікті іріктеу, тиеу мен қаладан шығару.

Барлық аудан жасыл аймақтарды күту үшін жоғарыда айтылған шараларды бірдей орындайтынын ескерсек, жасылдандыру бойынша екінші орында тұрған Түркісіб ауданына Алматы ауданымен салыстырғанда аз қаражат бөлінгені сұрақ тудырады. Өткен жылғы мәліметтерге сәйкес, 1135,6 шақырымды құрайтын қала арықтарының 165 шақырымы қолданысқа келмейтіні жазылған болатын. Ал олардың биылғы жылы жөнделгені, не жөнделмегені жайлы ақпарат жоқ.

Әрине, Табиғат-анаға қарсы тұру адамзаттың қолынан келе бермейтіні хақ. Дегенмен, әр тұрғын тым болмаса өзінің ауласындағы жасыл желектерге қамқор болса, дүйім жұрт болып жанашырлық танытсақ, әлі де біраз ағашымызды сақтап қаларымыз анық. Ағаштарды аялайық!



ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ «ШАРАФ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев қазақтың көрнекті ақыны Олжас Сүлейменовті «Шараф» орденімен марапаттады.

Президент Ильхам Әлиев Олжас Сүлейменовті Әзербайжан халқының үлкен досы, бауырлас Қазақстан мәдениетінің ірі өкілі, қоғам қайраткері ретінде білетінін атап өткен. Ақынның барлық мәселеде өзінің принципі ұстанымын білдіріп, Әзербайжанға әрқашан қолдау көрсеткенін баса айтты. Олжас Сүлейменовтің Әзербайжан мен Армения арасындағы шиеленісті шешуде де үнемі қолдау көрсеткенін жеткізді.

Ильхам Әлиев көрнекті ақын ең қиын кездерде де өз Отанына, халқына адал болғанын және Қазақстанның табысты дамуы үшін бәрін жасағанын ерекше бағалайтынын айтты.

Бұл ретте Әзербайжан Президенті Олжас Сүлейменов пен Гейдар Әлиев арасындағы достық қарым-қатынас пен

кездесулерді еске түсіріп, Олжас Сүлейменовті таланты мен қоғамдық белсенділігі үшін құрметтейтінін жасырмады.

Әлемдегі қазіргі құбылмалы уақытта көрнекті ақынның Түркі әлемі елдерінің басын қосу, олардың арасындағы ынтымақтастықты нығайту ісіндегі күшжігері аса маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысы Олжас Сүлейменовтің Әзербайжанның бірнеше жоғары наградаларымен марапатталғанын, мамыр айында Әзербайжан мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға қосқан үлесі үшін «Шараф» орденіне ие болғанын атап өтіп, көрнекті қазақ ақынына орденді табыс етті.

Ал өз кезегінде белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов әзербайжандық «Шараф» орденімен марапатталғанын мақтан тұтатынын атап өтіп, Ильхам Әлиевке ризашылығын білдірді.

Әзірлеген Д.МҰРАТ

САҒЫНА КӨРІСЕР КҮН ЖАҚЫН

Мегаполис мектептері жаңа оқу жылын дәстүрлі оқыту форматында бастайды



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, Алматыдағы 207-і мемлекеттік, 79-жекеменшік мектептердің барлығы 1 қыркүйекте дәстүрлі оқу форматында іске кіріседі.

– Қазір қала мектептерінде 1-ден 11-сыныпқа дейін 280 мыңнан астам бала оқыса, биыл 30 мыңға жуық бала 1-сыныпқа барады, – деді Ләззат Әуезханқызы. Өз сөзінде Білім басқармасының басшысы мектептерде оқу жылына белсенді түрде дайындық жүріп жатқанын, денсаулығына байланысты емделіп жүргендерді қоспағанда, мемлекеттік білім беру қызметкерлерінің 100% екпе алғанын атап өтті.

– «Біз балалардың офлайн-режимінде оқуын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді салып жатырмыз. Өйткені, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тікелей қарым-қатынасты ештеңе алмастыра алмайды. Бүгінде барлық білім беру ұйымдарына «Ashyq» жобасы қойылды. Барлық білім мекемелерінде қажетті мөлшерде дезинфекциялық, антисептика-

лық заттармен толығымен қамтамасыз етілді, – деп өз сөзін жалғады.

Сонымен, Алматы қаласының білім мекемелерінде дәстүрлі оқыту форматына көшу үшін қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылатын болады.

Барлық мектептерде температураны өлшеу, визуалды тексеру, желдету, кварцтау, тазалау, есік тұтқаларын антисептиппен өңдеу, дәретхананы дымқыл тазалау әрбір 2-3 сағат сайын жүргізіліп отырады.

Бұдан өзге, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларын мектепке кіргізу үшін әртүрлі кіреберістер арқылы кіргізу қарастырылатын болады.

Басқарма басшысы қала оқушыларының мектеп формасына қойылатын талаптарының сақталатынын баса айтты. Классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен мектепке баруға рұқсат етілетінін де ескертті.

Еліміз бойынша биылғы Білім күні мектеп аумағында линейка форматында өтеді. Биылғы 1-сынып оқушыларының барлығына Әліппе / Букварь оқулығы тапсырылып, 2-11-сынып оқушылары өздеріне бекітілген аудиторияларда сынып сағатына қатысады.

МОБИЛЬДІ БАНКИНГ СҰРАНЫСТА



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстандықтар 2021 жылдың алты айында қолма-қол ақшасыз 2,6 млрд. операция жүргізді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 2,5 есе көп екендігі анықталды.

«Жыл басынан бері қолма-қол ақшасыз операциялар санының жоспарлы өсуі байқалды. Атап айтқанда, маусымда 508 млн. операция жасалды. Бұл қаңтармен салыстырғанда 1,5 есе көп. Сонымен қатар, 2021 жылдың алты айында халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері мен аударымдарының көлемі 29 трлн. теңгеден асты. Бұл 2020 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 2,3 есе асады», – деген бас банк таратқан хабарламада.



ҰБ таратқан мәліметке сүйенсек, биыл да интернет пен мобильді банкинг үлкен сұраныста болмақ. Олардың үлесіне барлық қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының 2/3 және олардың көлемінің 83%-ы тиесілі.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

Жадыра ТАҢАТАРОВА,
«Sairam-orkeniet» БПҰ төрайымы:



– Биыл еліміз үшін қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы тойланғалы отыр. Осы жылдар ішінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың жемісті саясатының нәтижесінде әлемдік алпауыт елдер мемлекетімізді таныды. Елбасының керемет идеясымен ұлы көш басталып, әлемнің көптеген елінен мен секілді қандастар атақонысымызға қайта келдік. Отаным оралуға жағдай жасаған Елбасы, Партия Төрағасына айтар алғысым шексіз!

Отбасымызбен осыдан 25 жыл бұрын Қарақалпақ автономиялы республикасынан Шымкентке қоныстанған қандастарыңыз ретінде мемлекет есебінен квота алып, осы қалада білім алып, педагог атандым. Қаланың қоғамдық-саяси іс-шараларына белсене қатысып, «Nur Otan» партиясының белсенді мүшесіне айналдым. Партиялас-тардың қолдауының арқасында «Sairam-orkeniet» бастауыш партия ұйымының төрайымы болдым.

Сонымен қатар, Елбасы бастамасымен республика бойынша өткізілген праймеризге қатысып, қолдаушыларымның арқасында халық қалаулысы атандым.

Қазіргі таңда ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары мен стратегияларын басшылыққа алып қызмет етіп келемін. Тәуелсіздіктің мәңгілік болуы соны сақтап қалу жолында аянбай еңбек етуден басталады. Мен Тәуелсіз елде өмір сүріп, саналы ғұмыр кешіп жатқан бақытты ұрпақпын!

Батырбек САНДЫБАЙ,
ҚазҰПУ магистрі:



– Мен бақытты адаммын! Себебі, тәуелсіз елдің ұланы, Тәуелсіз Қазақстанның азаматымын. Ата-бабамыз армандап кеткен азат күнді Қазақ елі көрді. Біз көрдік. Еліміздің егемендігінің болашағы – жастардың қолында. Қазіргі уақытта бізге артылған ең үлкен міндет – заманына қарай өнер-білімнің қадір-қасиетіне жетіп, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлесімізді қосып, салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Бұл әрбіріміз үшін басты мақсатқа айналуы керек. Мен де осы мақсатпен мектепті үздік тәмамдап, Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Еліміздің өркендеуіне өз үлесімді тигізу мақсатында химиялық технология мамандығын таңдадым. Оқу барысында қоғамдық жұмыстармен қатар, халықаралық ғылыми конференцияларға белсене қатысып, жүзделі орындарға да ие болдым.

Еңбек жолымды Топырақтану институтында бастап, әрі қарай еліміздің ең ірі фармацевтикалық зауыттарында түрлі қызметтер атқарып келемін. Елімізде фармацевтикалық өндіріс қарқынды дамуда. Қазақстанда жасап шығарылған дәрі-дәрмектер сапасы дамыған АҚШ, Германия, Франция, Қытай, Израиль елдерінің өнімдерінен кем түспейді. Біздің өнімдерді қазақстандықтар ғана емес, алыс-жақын шет елдер де қолданады. Бұл – Қазақстанның жарқын болашаққа нық қадамының айқын көрінісі. Мен өзімнің қазақстандық болғанымды әркез мақтан етемін.

Әзірлеген
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Қазақ елі – тәуелсіз мемлекет, дербес, азат ел. Егемен ел болғанымызға биыл 30 жыл толады. Тарих үшін бұл, әрине, көп уақыт емес. Бірақ жер бетінде тәуелсіздігін сақтай алмаған, азаттықты аңсап жүрген қаншама елдер бар. Олар дербестік алып әлемге танылмақ түгілі, әлі күнге дейін бостандығын ала алмай жүр. Ал қазақ елі 30 жыл ішінде іргелі, әлем таныған мемлекетке айналды. Бұған тәубе деуіміз керек.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Жастар еркіндіктің қадірін ұғуға тиіс

Дүние жүзінде 6000-ға жуық ұлт пен ұлт тілдері бар екен. Солардың бәрі бірдей мемлекет емес, БҰҰ-ға мүше болып, тең дәрежеде мойындалғаны – 193 мемлекет қана. Ал сол 193-тің қатарына қосылуды аңсап жүрген халық қаншама? Сондықтан да біз тарихымызды саралай отырып, Тәуелсіздіктің танымын терең сезінуіміз керек. Тарихқа тым терең бойламай-ақ, XIX ғасырдағы Қазақ хандығының ұлы даламызда толық доғарылғанын айтсақ та жеткілікті. 1847 жылы Кенесары хан өлтірілгеннен кейін, қазақ жерінде хандық құрылым жойылып, мемлекеттігіміз тәркіленді. Кейінгі кезеңнің барлығында да қазақ ұлтының қайраткерлері кез келген мүмкіндіктен еркіндікті іздеді. XX ғасыр басындағы революциялармен бірге азаттықты арқау еткен Алаш идеясы туындады. Алаш қайраткерлері әуел бастан әлеуметтік теңдікті көкседі. Сол үшін Қазан төңкерісін қолдады. Үстем таптың болмауын қалады, Ресеймен одақтас бола отырып, автономиялық жағдайда өздерін тең дәрежеде көргісі келді. Алайда, Ресей басшылығына келушілер мұндай ұлттық ұстынды өздерінің саяси билеп-төстеуіне қауіп көрді. Билікке келген коммунистік партия Алаш қайраткерлерінің жұртты желпіндіре көтерген ұлт-азаттық санасын қолдау былай тұрсын, керісінше, оны мейлінше жоюға бағыт алды. XX ғасыр бойына ұлттық сана шектелумен келді.

Азаттығын ала алмаған елдер аз емес

Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымының қатарында 193 мемлекет қана бар. Әрине, БҰҰ құрамына тек Тәуелсіздігі танылған



мемлекеттер ғана мүше бола алатыны белгілі. Енді әлемде тәуелсіздігі танылмаған қанша мемлекет барын осыдан-ақ бағамдай беріңіз. Тіпті, 50 миллионнан аса халқы бар күрдтер де, 20 миллионнан асатын ұйғырлар да әлі күнге дейін дербес ел бола алған жоқ. Татарстан автономиялық республика болғанымен, Ресейдің ықпалымен, солардың заңымен жүреді. Шешен халқы да ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күресіп келгенімен, азаттыққа қол жеткізе алмады. Ал әлемдік деңгейде шотландиялықтар да Ұлыбританиядан тәуелсіздігін алғысы келеді. Олар тәуелсіздікке қатысты референдумды 2014 жылы өткізген. Венеция халқы да Италиядан бөлініп, дербес мемлекет атанғысы келеді. Тіпті, олар бұл ретте бірнеше рет митинг өткізген. Бавария да Германиядан тәуелсіздік алғысы келетінін ашық жеткізіп жүр. Корнуолл халқы, Джерси аралы Ұлыбританиядан дербестікті аңсаса, Палестина халқы Израильден бөлініп, егеменді ел болғысы келеді. Австрияның қарамағындағы чехтар, словактар, т.б. ұлттардың кейбірі автономия сұраса, енді бір ел дербес мемлекет атануды аңсап жүр. Ресейде қарасай-шеркестер және ноғай халқы автономия алуға ұмтылып отыр. Санамалай берсек, әлемде тәуелсіздігін ала алмай жүрген, азаттықты аңсап, дербестікке қол жеткізе алмай жүрген елдер өте көп.

Жеткен жетістік – Тәуелсіздік жемісі

Әлемде 193 мемлекет бар. Оның үстіне, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия, Австралия секілді елдер ұлттың негізінде емес, жан-жақтан жиналған эмигранттардың есебінен құрылған. Сондықтан тәуелсіз мемлекеттер әлемде 193 емес, одан да аз болуы мүмкін. Сондай-ақ,

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР қолжетімділігі артты

Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков Өңірлік коммуникациялар қызметі алдында сөйлеген сөзінде мегаполисте коронавирусты тоқтату үшін вакцина алу міндетті екенін айтып, тұрғындарды жаппай вакциналануға шақырды. Аудан басшысы Алатау ауданында 80 мыңнан астам тұрғын КВИ вакцинасын алғанын айтты.

– Егер жағдай өзгермесе, біз одан да үлкен дағдарысқа ұшырауымыз мүмкін, өйткені, басқа маусымдық вирустар ковидке қосылады. Ауданда барлық жағдай жасалған, 22 егу пункті орналастырылған, мобильді топтар шағынаудандарға, жеке секторға барады. Алайда, осы уақытқа дейін 80 217 адам ғана егiлдi, ауданда 118 мыңнан астам тұрғын вакциналаудан өтеді, – деді А.Қалдыбеков.

Алатау ауданының әкімі бизнес қауымдастығының «Ashyq» жобасына қатысуы туралы да сөз қозғады. Ауданда қазірдің өзінде қосымшамен жұмыс істейтін 236 шағын және орта бизнес өкілдері бар. Сондай-ақ, ауданда карантин кезінде артықшылық алған 3 жоба көшбасшысы анықталды. Олар коронавирустық инфекцияның ушығуына байланысты басқа нысандар жабылған кезде жұмысқа рұқсат алған.

Азамат Қалдыбеков жиында жол жөндеу мәселелерін де қамтып өтті. Ағымдағы жылы ауданда 45 шақырымға созылған жол мен 26 көше жөндеуден өткен. «Біздің жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі – автокөлік инфрақұрылымын дамыту.

Ауданда «Самғау», «Өжет», «Шаңырақ-5» және «Алғабас» шағынаудандарында жаңа жолдардың құрылысы басталды», – деді А.Қалдыбеков.

Аудандағы негізгі көшелердің бойында: Солтүстік айналма жол 2,1 шақырым (Бөкейхановтан Жұмабаев көшесіне дейін), Рысқұлов даңғылы 1,8 шақырым (Саиннан Емцовке дейін), Рысқұлов даңғылы 2 шақырым (Емцовтен Күдеринге дейін), Боралдай 2 шақырым (Шоссейная көшесінен Боралдай көшесіне дейін), Емцов 0,3 шақырым (Райымбек даңғылынан Рысқұлов–Емцовке дейін). Барлығы 8,4 шақырым негізгі көшелер жөнделеді.

– Орташа жөндеу 36 шақырымнан астам жерде жүргізіледі. Бұл «Самғау», «Томирис», «Дархан», «Көкқайнар», «Өжет», «Саялы», «Зерделі», «13-аумақ», «Алғабас», «Болашақ» және «Боралдай» шағынаудандарында орналасқан аудандық және жергілікті маңызы бар көшелер, – деді аудан әкімі.

Бүгінде 7 көшеде: Серіков, Кіші Мөңке би, Жаңаарқа, Тайказан, Халифа Алтай, Карпацкая және СТ «Радуга» бойында жолдарды орташа жөндеу бойынша жұмыстар аяқталды. Сондай-ақ, баспасөз конференциясында аз қамтылған отбасыларға көрсетілген көмек туралы сөз қозғалды. Қазіргі таңда ауданда 1562 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады. Азамат Қалдыбековтың айтуынша, төленген жәрдемақының жалпы сомасы 381,8 млн. теңгені құрайды, сонымен қатар 157 отбасы 8,2 миллион теңге көлемінде тұрғын үй көмегін алған.

кезінде түрлі жағдайларға байланысты тәуелсіздігінен айырылып қалған мемлекеттер бар. Мәселен, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Африка елдері, Бразилия, Индонезия, Оңтүстік Америка, т.б. көптеген елдер дербестігінен айырылып, өзге елдің боданында болды. Кейін түрлі жағдайларға байланысты қайтадан азаттық алды. Сол секілді, біз де кезінде тәуелсіздігімізден айырылып, Кеңес Одағының қарамағында өмір сүрдік. Қиын-қыстау кезде тәуелсіздігімізден айырылып қалдық. Алайда, кейін келе-келе етек-жеңімізді жинап, егемендігімізді алдық. Енді егеменді ел болғанымызға 30 жыл толды. Тарихта талай-талай ауыртпалықты бастан кешірсе де, ешкімге басын имеген қазақ халқы қазір әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде. Бүгінгі ұрпақ Тәуелсіздік жолын білуі, тереңіне бойлай алуы қажет. Ендігәрі халқымыз егемендігінен еш айырылуға тиіс емес, ондай күн туса, қазақ деген ұлт жойылады. Тарихқа тағы айналып келетін болсақ, ұрпақ санасына жастайынан қазақтың кезінде төрткүл дүниені тітіренткен Сақ, Ғұн секілді ұлы халықтың жалғасы екендігін сіңіре берудің берері мол.

Шынында да, Тәуелсіздігіміздің арқасында Қазақстан қарыштап дамыды, барлық жағынан ел абыройы әлемге асқақтады. Шет елден миллионға жуық қандастарымыз көшіп келді. Тәуелсіздік болмаса, олар қалай көшіп келер еді. Бүгінгі күні Қазақстан әлемдік саясатта, экономика мен өмірдің өзге де салаларында өзіндік орны мен күші бар мемлекетке айналды. БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ИКУ сияқты көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, тіпті төрағалық та етті. Осының барлығы да – Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктеріміз.

– Мемлекет халықтың осал топтарына, соның ішінде жұмыспен қамту мәселелеріне жан-жақты қолдау көрсетеді. Мысалы, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2780 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 161 адам, қоғамдық жұмысқа 1028 адам, жастар практикасына 193 адам, 138 адам 200 АЕК көлемінде грант алды және 1335 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, – деді аудан әкімі.

Аудан әкімі, сондай-ақ, Алматы қаласының Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы мен «Халық банкінің» бірлескен жобасы туралы айтты. Банк есебінен аз қамтылған отбасылардың 46 жеке тұрғын үйі орталық газға қосылған.

Азамат Қалдыбеков аудан әкімдігі әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру үшін қажет нәрсенің бәрін жасап жатқанын айтты. «Бүгінде ауданда аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларды қолдау үшін «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығы және «Алатау аналары», «Аналарға көмек» және «Зейін» қоғамдық қорлары жұмыс істейді. Бұл орталықтар аналарға консультациялық және ресурстық қолдау көрсетеді, негізгі тренингтерді өткізеді, жұмысқа орналасуға көмектеседі», – деп атап өтті А.Қалдыбеков.

Сонымен қатар, әйелдер сұранысқа ие мамандықтар бойынша, яғни тігінші, шаштараз, компьютерлік сауаттылықты оқиды. Тұрмысы төмен отбасылардың балаларын оқыту мәселесіне көп көңіл бөлінеді, оларға музыка мен өнер, би мен әртүрлі аспаптарда ойнау тегін үйретіледі.

Әзірлеген
Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ҮШІНШІ МӘРТЕ ЕКПЕ САЛДЫРА БАСТАДЫ



ҚАЗАҚСТАН Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің өкілдері қазақстандықтарды жұмыс орындарында екпе алған-алмағанын тексеру биылғы 1 қыркүйекте басталатынын айтты.

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 14 шілдедегі №32 қаулысына сәйкес, вакциналау мерзімі анықталды: 10 тамызға дейін 1-ші компонентті және 1 қыркүйекке дейін жұмыс істейтіндер COVID-19 вакцинасының 2-ші компонентін (медициналық тұрақты қарсы көрсетілімі барлар және соңғы үш ай ішінде КВИ жұқтырғандарды қоспағанда) алып үлгеруі керек.

АҚШ елінде иммунитеті төмен адамдарға ковид екпесінің 3-ші дозасы да салынатын болады. Мамандардың айтуынша, бұл доза қатерлі ісікпен ауыратындарға, иммуносупрессивті ем қабылдап жүргендерге немесе өзге де себептерге байланысты иммундық жүйесі тым әлсіз жандарға беріледі. Өйткені, «дельтаның» таралуы халықтық иммунитеттің қалыптасуына тосқауыл болып, кері әсер тигізіп жатқан көрінеді. Жергілікті ғалымдардың зерттеуінше, иммунитеті әлсіз америкалықтардың өзге науқастармен салыстырғанда ауруханаға түсу ықтималдылығы 485 есе жоғары көрінеді. Сондай-ақ, АҚШ-та 12-ге толмаған балалар коронавирус жұқтырып жатыр. Олардың барлығы вакцина салдырмағандар.

КАЛИФОРНИЯ билігі мұғалімдерді коронавирусқа қарсы вакцина алуға міндеттеді. Ал одан бас тартатындар апта сайын ПТР-тест анықтамасын ұсынып отыруы керек. Бұл мектептердің онлайн емес, офлайн жұмыс істеуі үшін жасалып отырған қадам деседі.

ЧИЛИ елінде наурыздың соңына дейін вакцинаның екі дозасын қабылдап үлгергендер енді үшінші мәрте екпе салдыра бастады. Көпшілік «AstraZeneca» компаниясының препаратын қабылдамақ. Жергілікті билік аймақта ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы үшін қайта вакциналау шарасы қажет дегенді айтып отыр. Ал мамандар: «Барлық вакцина бастапқыда адам ағзасында антиденелердің көбеюіне әкеледі. Алайда, зерттеу нәтижесі бойынша 6 айдан кейін олардың саны азаяды», – дейді.

ГЕРМАНИЯ халқының вакцина салдырмаған азаматтары коронавирус тестін енді тегін тапсыра алмайды. Аталған шешімді қабылдауға елде ковидке шалдыққандар санының азаюы себеп. Тек созылмалы ауруы бар тұрғындар ғана ақы төлемейді. Билік тегін тестіні алып тастау халықты вакцина алуға жетелейді деп сенеді. Күзде елде коронавирустың «төртінші толқыны» болады деген болжам бар. Бұл мемлекетте препараттың 2 компонентін азаматтардың 55%-ы алған. Десе де, «дельта» дес бермей тұр.

ИТАЛИЯ жерінде жансақтау бөліміне түсіп жатқандардың 90%-ы вакцина салдырмағандар екен. Ел үкіметі 1 қыркүйектен бастап «Грин Пасс» куәлігін кеңінен енгізуді жоспарлап отыр. Бұл құжат қоғамдық көлікке, университетке, спортзалдарға, кинозалдар мен театрларға кіру кезінде талап етіледі. Онда вакциналау туралы, коронавируспен ауырғандығы немесе жақында тапсырылған тест нәтижесі туралы ақпарат болады.

БЕРЛИН әкімдігі вакцина кешін өткізіпті. Екпе пунктін келушілер вакцина салдырып қана қоймай, ән тындап, би билеген. Алғашқы есеп бойынша, бұл іс-шараға бір мыңнан аса адам қатысқан. Оларға «BioNTech/Pfizer» вакцинасы ұсынылған. Екпені қала тұрғындарының ғана емес, туристер мен заңсыз мигранттардың салғызуына да мүмкіндік берілген. Берлин сенаты мұндай іс-шараны тағы да өткізбек көрінеді. Әзірге ел халқының 55%-ы вакцина салдырған.

ҚЫТАЙ астанасында «жасыл аймақтарда» тұратын оқушылар ғана мектепке бара алады. Алайда, балалар мен ұстаздарға топқа жиналуға, бұқаралық іс-шараларға қатысуға және COVID-19 анықталған аудандарға баруына тыйым салынған. Ал орта қауіпті саналған аймақтарда тұратындар эпидемиологиялық түзелуін күтеді. Содан кейін ПТР-тест тапсырып, мектепке бара алады. Бейжіңде осындай екі аймақ бар. Қазір елдегі 227 ауданда локдаун тәртібі енгізілген.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Ұларбек КАМЫСБЕК,
университет оқытушысы:



– Вакцина – денсаулығымыздың қауіпсіздігі. Ол – өзіміздің және басқалардың амандығы. Біз қаншама адамның ортасында жүреміз. Олардың ішінде кімнің ауырған-ауырмағанын бірден біле қоймаймыз. Қазіргі таңда жастардың басым көпшілігі карантиндік талаптарды дұрыс сақтамайды. Кейбірі тіпті, вакцина алмаған. Екпенің маңызы жайлы сөз қозғай кетсең, сенімсіздік танытып, әлеужелідегі жалған ақпараттарға назар аударады. Екпе біріншіден, өзіміз ауырып қалмау үшін, отбасымыз үшін, басқаларды ауыртпау үшін алдын алатын шара. Өз басым, екпенің екі кезеңінен де ауырмадым, денсаулығымнан ешқандай өзгерістер де байқалмады. Сол себептен, ештеңеден қорықпай, баршамыз дерлік екпенің екі дозасын да қабылдауымыз қажет.

Жәнібек СОЛТАНАЙ,
қоғамдық бірлестік жетекшісі:



– Отбасымызбен қазақстандық «QazVac» вакцинасын салғыздық. Анамның жасы 63-те, созылмалы аурулары және мүгедектігі бар. Соған қарамастан, анама екпе салғыздым. Қазір вакцинаның арқасында бүкіл әулетімізбен қауіпті індеттен аманбыз. Сондай-ақ, өзім болашақ дәрігер ретінде өзімнің және жақындарымның денсаулығына жауапты екенімді білемін. Қазір қайда барсам да алғашқы сөзімнің бірі – екпе салдыру. Халықты вакцина алуға шақырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүреміз. Қазіргі басты міндет – пандемия басталғаннан бері ауырғандардың санын анықтау емес, халықты індетті қайта жұқтырудан қорғау екендігін естен шығармасак деймін.

БЕТПЕРДЕ тақпасаңыз, айыппұл төлейсіз



Айнұр
СЕНБАЕВА



Алматы автобустарында бетперде режимін бұзғаны үшін 30-ға жуық адамға айыппұл салынды. Осылайша бақылауды қатандатпасақ, індетті қоғамдық көліктерден жұқтыру көрсеткіші 16,8%-ға жеткен деп отыр мамандар.

Қалалық әкімдіктің, жергілікті полиция қызметінің және «Бақылау-тексеру басқармасы» желілік қызметінің қызметкерлерінен құралған мониторингтік топ өкілдері 12 тамызда 91 автобусты тексерген. Бетперде режимін сақтамаған 27 жеке

тұлғаға ҚР ӘҚБК-нің 425-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік хаттама толтырылған.

Алматы қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын өздерінің және айналасындағы жандардың денсаулығын сақтау үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң ұстап жүруге шақырады. Мобильдік топ өкілдері тексеру кезінде барлық тұрғынға карантин талаптарын сақтап жүру жолдары көрсетілген нұсқаулық таратты.

Мәселен, тұрғындар мынадай қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауы тиіс: қоғамдық көлікте жүргенде қолды дезинфекциялау; соңғы аялдамаға жеткен соң қолды бірден сабындап жуу; егер біреу жөтелсе немесе түшкірсе ауыз бен мұрынды таза беторамалмен немесе салфеткамен жабу. Олар болмаса бетті алақанмен емес, шынтақтың ішкі жағымен қорғау; жөтелген немесе түшкірген адамнан аулақ болу; көлік жолаушыларға толы болса, онда келесісін күту; мүмкін болса көлік терезелерін ашу; баратын жерге жеткенше қолды бетке (ауызға, мұрынға, көзге) тигізбеу.

Ұжымдық иммунитет қалыптасты



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қаладағы ірі жүк көліктерін құрастырып шығаратын «Hyundai Trans Kazakhstan» зауытында 200-ден астам қызметкер жұмыс істейді. Қазір олардың 97%-ы екпе алған.

Олар вакцинаның екі компонентін де алып үлгерген. Бүгінгі таңда олардың денсаулығы жақсы, жанама әсерлердің байқалғанды туралы шағым түспеген көрінеді. Вакцина салысымен-ақ жұмысшылардың барлығы дерлік күнделікті жұмыс тәртібіне көшкен.

«Біздің компаниямыз өте үлкен, соған орай қызметкерлеріміз де көп. Ұжым арасында вакцинаның маңыздылығына қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрамыз. Қазір қоғам арасында антиваксерлердің түрлі пікір таратуының кесірінен ел екіұдай ойда жүр. Олардың болжамдары дәлелденбеген. Сондықтан сенудің қажеті жоқ деп есептеймін», – деді «Hyundai Trans Kazakhstan» зауытының атқарушы директоры Максим Тарасов.

Шаһардың индустриалды аймағындағы жұмысшылар бригадасында вакцина алған өнеркәсіптік кәсіпорындардың саны күн санап өсуде. Бұл дегеніміз, әрбір мекемеде ұжымдық иммунитет қалыптасып, вирустың таралуына жол бермейді деген сөз.

«Ashyq»-тың көшбасшысы



Айнұр
НҮРСАБЕТ

«Forum» сауда-ойын сауық орталығы «Ashyq» жобасының көшбасшысы болып танылды.

29 маусымнан бастап «Forum» СОСО-ға «Ashyq» қосымшасын сканерлегеннен кейін ғана кіруге болады. Кіреберістері қауіпсіздік қызметінің өкілдері келушілерден олардың мәртебесін тексеруді сұрайды немесе өздері тексереді.

Алматыда бұл жүйе барлық сауда нүктелеріне белсенді түрде енгізілуде. Осылайша кәсіпкерлер инфекцияның таралуына қарсы күресті қолдап отыр. «Forum» СОСО заңгері Наталья Степанованың айтуынша, олар локдаунды енгізбеу үшін «Ashyq» жүйесімен жұмыс істеуге көшкен.

Заңгердің айтуынша, «Forum» жаңа міндеттерге түсіністікпен қараған күзет қызметінің жауапты жұмысының арқасында «Ashyq» көшбасшысы болды. Сондай-ақ, «Forum» СОСО-ның 100 қызметкерінің 95-і коронавирусқа қарсы екпе алды. Сауда орталығындағы егу пункті 12 сәуірде ашылған болатын. Осы жерде вакциналанғандар арасында бірнеше рет бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Алматы қаласы әкімдігінің сайтында «Ashyq» жүйесінің жауапсыз қатысушыларының да, 153 жоба көшбасшыларының да тізімі жарияланды. Оң бағаланғандардың арасында «Алжур авто» ЖШС, «Эйр Астана», «Қазақтелеком», «Кинопарк Студент», «Достық Синема», «Алматы Су» және тағы басқалары бар.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде халық санағы қашан және қалай өтеді?

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Халық санағы – белгілі бір уақыт кезіндегі жағдай бойынша респонденттерді сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау (респонденттерге жаппай сауал салу арқылы), өңдеу және алынған ақпаратты, статистикалық көрсеткіштер жүйесін және олардың талдауын қалыптастыру, халық туралы агрегатталған (иегіздендірілген жиынтық) деректерді бағалау және тарату процесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау.

2021 жылы елімізде өтетін халық санағының ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!».

Жалпы, Қазақстанда ұлттық халық санағы әр 10 жыл сайын өткізіледі. Соңғы науқан 2009 жылы ұйымдастырылды, келесі науқан 2019 жылы өтуі керек еді. Алайда, санақты дайындау мен өткізуге байланысты бірқатар ұйымдастырушылық мәселелерді ескере отырып, оны 2020 жылы өткізу туралы шешім қабылданды. Ал еліміздегі коронавирустық инфекцияның таралуына және енгізілген шектеулі карантиндік шараларға орай қазіргі жағдайға байланысты науқанды кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған еді.

Президент жанындағы Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің шешімі бойынша ұлттық санақ биыл өткізілетін болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №419 қаулысына сәйкес, Ұлттық халық санағы елімізде 2021 жылғы 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі кезең аралығында өтеді.

Ұлттық статистика бюросы биыл санақты өткізу процесін автоматтандырылған және оған заманауи сандық технологиялар енгізілгенін хабарлады.

Биылғы науқанның басты ерекшелігі – санақ онлайн да, офлайн да форматта ұйымдастырылмақ.

Онлайн және офлайн

Сонымен, 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында Қазақстанда жалпыұлттық халық санағы өтеді. 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында, яғни халық санағының алғашқы 45 күнінде қазақстандықтар онлайн-режимде арнайы sanaq.gov.kz сайтында санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

Дәстүрлі жалпы аралау 1–30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Дәстүрлі кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ.

Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

- Онлайн санағын 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастау туралы шешім қабылданды. Ол 15 қазанға дейін sanaq.gov.kz сайтында жұмыс істейді. Сайтқа кіру тәулік бойы қамтамасыз етіледі. Азаматтар орналасқан жеріне қарамастан, виртуалды көмекшінің көмегімен санақты өздері және отбасы мүшелері үшін сауалнамалар толтыру арқылы дербес аяқтай алады.

● КЕРЕК ДЕРЕК


АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ САНЫ ЕКІ МИЛЛИОННАН АСТЫ

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев күні кеше ғана өзінің Facebook-тегі парақшасында алып шаһардың 2 миллионының тұрғыны тіркелгені жайлы ақжолтай жаңалықты жеткізген еді. «Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қазірдің өзінде қазақстандықтар 19 миллионға жетті. Ал Алматы халқының саны екі миллионнан асты. Аяла Жамбыл 2 миллионының тұрғын атанды. Ол – полиция қызметкері Бейбіт Әбілдаев пен балабақша тәрбиешісі Әлия Жәнібекованың отбасындағы алтыншы қыз», – деп жазған Бақытжан Әбдірұлы сәбиге денсаулық, амандық пен бақыт тіледі.

● КЕРЕК ДЕРЕК

МЕГАПОЛИС АУДАНДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫ

(2021 жылғы 1 маусым күнгі мәлімет бойынша 1 996 740 адам)



ХАЛЫҚ САНАҒЫ НЕ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Санақта халықтың нақты саны, жас құрамы, жыныстық құрамы, урбанизация дәрежесі, тексерілген, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті басқа да ақпараттар назарға алынады. Санақ барлық жастағы тұрғындарға қажетті жағдай жасаудың есебін білу үшін керек. Атап айтқанда:

- мектеп жасына дейінгі балаларға арналған балабақшалар салу үшін;
- жастарға арналған жатақханалар, мектептер, университеттер, стадиондар және т.б. салу үшін;
- еңбекке жарамды жастағы тұрғындар үшін, кәсіпкерлік нысандарын кеңейту және дамыту үшін;
- аға ұрпақ үшін, клиникалар, ауруханалар, санаторийлер желілерін кеңейту үшін және т.б.

Яғни халық санағы халық үшін жүргізіледі!

- Интервьюер планшеттерді пайдаланады. Бұл деректер факторына адам факторының әсерін барынша азайтады; ЖСН қолдану арқылы сенімділік деңгейі жоғарылайды; ақпараттың қайталануына жол берілмейді. Арнайы мобильді қосымшаның көмегімен интервьюер барлық кіріктірілген арифметикалық және логикалық бақылауды ескере отырып, сауалнама жүргізе алады, жіктеуіштер мен анықтамалықтарды қолдана алады. Алынған мәліметтер тікелей ортақ дерекқорға жіберіледі. Сұхбаттасушылар қолданған электронды планшеттер кейіннен тиісті аймақтардағы мектептерге беріледі.

Өнеркәсіп статистикасы



2021 жылғы қаңтар-мамырда Алматы қаласында шығарылғандар

Ағымдағы жылдың қаңтар-мамырда 8 868 тонна күнбағыс майы және 26 015 тонна нан өндірілді, бұл тиісінше 1 адам басына есептегенде 4 кг 467 гр. және 13 кг 105 гр. құрайды.




2021 жылғы қаңтар-сәуірде республикалық көлемде өндірілген, %



● КЕРЕК ДЕРЕК

Статистикалық бизнес тіркелім бойынша тіркелген
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР МЕН ЖЕКЕ КӘСІПкерлер саны
(2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша)



PS: Статистикалық бизнес тіркелім еліміздің аумағында тіркелген заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер туралы ақпаратты қамтиды.

Sanaq.gov.kz
қалай жұмыс істейді?

Egov.kz электронды Үкімет платформасында sanaq.gov.kz сайтының қосымша парағы болады. Онда электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы санаққа қатысуға болады. Қазақстандықтар санақ аясында барлығы 87 сұраққа жауап береді. Мұнда респондентке барлығы 67 сұрақ және оған қосымша 20 нақтылаушы сұрақ қойылады. 2021 жылдың санағында көші-қон, еңбекпен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл білуі бойынша сұрақтар аясы кеңейтілді.

Қазақстандықтар санақ науқаны басталғанда ЖСН нөмірі мен жеке деректерін ғаламтор арқылы санақ жүргізілетін сайтқа тіркеуі керек. Жеке деректеріңізді **sanaq.gov.kz** сайтына тіркейсіз. Содан кейін онлайн түрде қойылған сауалдарға жауап бересіз. Әр азаматтың жеке деректері планшеттерге енгізіліп, ақпарат онлайн түрде **sanaq.gov.kz** сайтына жіберіледі. Бұл арнайы сайт 1 қыркүйекте іске қосылады.

Интернет жүйесіне қосылмаған ауыл-аймақ тұрғындарын, шалғай елді мекендердегі тұрғындар саны мен олар туралы барлық деректерді санақшылар дәстүрлі әдіс арқылы, үй-үйді аралап жүріп анықтамақ. Азаматтардың деректері санақ жүргізушінің қолындағы планшеттік компьютерге толтырылады.

Жүйе тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді болмақ. Респондент санаққа қатысу үшін өзіне ыңғайлы кез келген уақытты таңдай алады, сондай-ақ сайтта бланкты толтыруды тоқтату және оны толтыруды кейін қайта жалғастыру мүмкіндігі болады.

Мобильді азаматтар үшін Аіту мобильді қосымшасы арқылы Ұлттық санаққа қатысу мүмкіндігі ұсынылады.

ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ ОНЛАЙН
2021 жылғы 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін

1. **sanaq.gov.kz** сайтында тіркеліңіз

2. **Телефоныңызға SMS** арқылы растау коды жіберіледі

3. **САНАҚ ПАРАҚТАРЫН** ТОЛТЫРЫҢЫЗ

CALL CENTER 1446

ALMATY AQPAPAT MEDIAHOLDING

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес.
«Ұлттық санақ жүргізілгенде респонденттер алғашқы статистикалық деректерді **міндетті түрде**, қайтарымызсыз негізде ұсынады»

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!


Интервьюер атрибуттары

Алматылықтар қаперіне: елімізде халық санағын өткізу кезеңінде санақ персоналына **қуәлік (бейдж үшін қосымша бет)** беріледі. Қуәлікте интервьюердің немесе нұсқаушы-бақылаушының суреті болады, сонымен қатар, мынадай деректемелер: тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның жарамдылық мерзімі, аумақтық статистика органының қолы мен мөрі көрсетіледі. Сондай-ақ, санақ өкілдерінің халық санағының символикасы бар көк түсті шарфы мен көк түсті портфелі бар.



● САНАҚ ТАРИХЫНАН

1959–2009 санақ жылдарындағы Қазақстан Республикасы халқы санының динамикасы (мың адам)



Бұрынғы КСРО құрамындағы Қазақстан халқының соғыстан кейінгі санақтары 1959, 1970, 1979

және 1989 жылдары өтті. Тәуелсіз Қазақстанда бірінші ұлттық халық санағы 1999 жылы, ал екіншісі – 2009

жылы болды, санақты Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ұйымдастырды.

• Дәстүрлі үздіксіз санақ онлайн-санақтан өтпеген азаматтарды қамту үшін қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып, 2021 жылдың 1 қазанынан 30 қазанына дейін жүргізілетін болады.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Халық санағының қорытындылары жалпы ел бойынша, қалалық және ауылдық жерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да саналық және сандық белгілері бойынша халық санының құрылымындағы өзгерістер сияқты халықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен 10 жыл ішіндегі Қазақстан Республикасында болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді.

Санақ нәтижелері үй шаруашылықтарының жағдайларын, некелік-отбасылық қатынастарды жақсарту, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін, халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін, сонымен қатар, білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін қажет.

Дайындаған Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және ашық интернет көздері).



КВОТА САНЫ АРТТЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Колледждерге қабылдау үшін жаңа ережелер енгізілді. Ең бастысы, тегін білім алғысы келетіндер үшін квоталар саны артты.

Сонымен қатар, биыл педагогикалық, медициналық, шығармашылық мамандықтардан өзге мамандыққа түсетін түлектер қабылдау емтихандарын тапсырмайтын болды. Конкурс кезінде колледжге түсушілердің аттестаттағы міндетті және бейіндік пәндерінің орташа балы есептеледі. Биылғы жылғы тағы бір ерекшелік – бұрын гранттар колледждер арасында бөлініп келсе, енді олар талапкерлердің таңдауына қарай берілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын таңдаған түлектер 4 мамандық пен 4 колледжге дейін таңдауларына болады.

Конкурс аттестаттағы міндетті және бейіндік пәндерден қойылған бағаның конкурстық балы бойынша есептеледі. Ал педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтарда оқығысы келетін түлектер шығармашылық емтихандар тапсырып, сұхбаттасудан өтеді. Арнайы немесе шығармашылық емтихандарды колледж жанынан құрылған комиссиялар жүргізеді.

Егер гранттар игерілмеген жағдайда талапкерлер арасында мемлекеттік білім гранттарын қайта бөлу жүргізіледі. Оқуға қабылданғаны туралы ақпаратты талапкерлер өздерінің жеке кабинетінен біле алады.

Жалпы, еліміз бойынша 795 колледж бар. Биылғы гранттардың 435-і мемлекеттік, 170-і жекеменшік колледжге бөлінді. Сонымен қатар, 10 бағытқа сай 200-ден астам мамандық бойынша 97 мың грант бөлініп отыр. Оқимын деген жасқа барлық жағдай жасалып отыр. Тек таңдау сізден!

Жұмысты тез табады

Бұған дейін колледждер қабылдау емтихандарын өз бетінше өткізіп келсе, биылдан бастап орташа ұпай бойынша таңдау жасалып, автоматты режим бойынша өткізілетін болды.

Білім министрлігінің мұндай қадамға баруының себебі, мемлекеттік тапсырыстың орындалуы мен жұмысқа орналастыру процесінің ашықтығын көрсетіп, колледждер арасындағы бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен, Алматы колледждеріне 9-сыныптан соң қабылдау конкурсының бірінші кезеңі 21–24 тамыз аралығында, ал 11-сыныпты бітірген түлектер үшін 25–28 тамыз аралығында өтеді.

Биылғы жылы колледжге құжат тапсырғандар саны жылдағыға қарағанда екі есеге өсіпті. Тиісті сала мамандарының

айтуынша колледжге түскен жастар оқуларын тез бітіріп, жұмысқа да тез орналасады. Кейбір колледж таңдаған жастар әлеуметтік жағдайларына байланысты отбасына көмектесіп, тезірек табыс тапқылары келетінін алға тартады.

Нақты дерек бойынша, Алматы колледждері түлектерінің 76%-ы жұмыс тауып кетсе, қалған түлектер ЖОО-да оқуын жалғастырады. Бүгінде Алматыдағы 83 орта-арнайы оқу орнының 22-сі мемлекеттік мекеме, 47 колледжде оқушыларды мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытады. Сонымен қатар, колледж студенттеріне 21 мың теңге көлемінде стипендия беріледі.

Әзірлеген
РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



МӘСЕЛЕ

ПӘТЕР ЖАЛДАУДЫҢ ӘЛЕГІ Жайлы қоныс іздегенде нені білу керек?

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке оқушылар мен студенттерді жаңа оқу жылында оқытудың дәстүрлі форматына қайтаруды қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Яғни Алматы қаласына тамыз айынан бастап студенттер легі қайта оралмақ. Осы жерде баспана мәселесі өзінен-өзі туындайды. Себебі, жатақхана жетіспей жатады. Амалы жоқ, студенттер жайлы орын, жылы баспана іздейді. Мұндайда алаяқтар да аянбай, жаңа түскен түлектерді алдап кетіп жатады. «Almaty aqshamy» газеті жаңа оқу жылының алдында жастарға ескерту үшін пәтер іздегенде қапы қалмаудың амалдарын жазуды ұйғарды.



Динара
МҰРАТ

Алдымен, оңтүстік астана пәтерлерінің орташа бағасынан хабардар болу керек. Шындап келгенде, Алматы қаласында орташа баға деген болмайды. Себебі, тұрғын үйдің орналасуына, алыс-жақындығына байланысты пәтерлердің құны құбылып тұрады. Оған қоса, жыл сайын баға 10–15 мыңға шарықтайды.

Биылғы жылы Алматының орталық аудандарында (Алмалы, Әуезов аудандары), жоғары оқу орындары шоғырланған Бостандық ауданында 1 бөлмелі пәтерлердің бағасы 90 мыңнан басталып 200 мыңға дейін жетеді. Ал оқу орындарынан алыстау, қаланың шетінде бұл баға 60 мыңнан басталады, бірақ арзан үйден үлкен үміт күтудің қажеті жоқ. Тағы бір мәселе, пәтер іздегенде көбінесе төрт-бес адам болып жиналып, екі бөлмелі пәтер жалдаған ұтымдырақ болып жатады. Себебі, екі бөлмелі үйлерге сұраныс аздау. Кейде қаланың дәл ортасынан 150–180 мыңға жақсы, жайлы екі бөлмелі қоныс табуға болады.

Тағы бір мәселе, біздің қалада баспананы тек студенттер ғана емес, жас отбасылар да көптеп іздейді. Яғни сұраныс көп. Мұнда ең бастысы, жылдамдық керек. Жалдамалы пәтер іздегенде тиісті қосымшалар мен сайттарды әр 10 минут сайын бақылап отыруға тура келеді. Бір пәтерге екі-үш адам таласатын кездер де болады. Әсіресе, тамыз-қыркүйек айларында.

«Мен жоғары оқу орнына түскелі бері қыздармен пәтер жалдап, бірге тұрамын. Бірінші рет іздегенімізде, Алматыға кеш келгенімізді түсіндік. Азулы қасқыр-студенттер маусымның соңында, шілденің ортасына дейін арзан бағаға алдын ала пәтер тауып қояды екен. Біз

болсақ тамыздың ортасында келіп, қыркүйектің соңына дейін пәтер іздедік. Бағасы тиімді, жақсы үй таба салысымен хабарласып, жетіп барсақ, басқа адамдарға беріп қояды. Баға да тұрақсыз. Осы апта арзан болса, ертең күрт қымбаттауы мүмкін. Жалпы пәтер іздеу машақаты көп, қиын жұмыс», – деді Мөлдір Садырғалиева.

Келесі ескеретін жағдай, пәтерге әркімнің де бар таласы.

келіп тексеріп, кішкене шуласаң, шығарып жіберетін. Сондықтан осы күнге дейін талай пәтер ауыстырдым. Одан қалды, студент болғаннан кейін пәтерге ақша жетпей қалып жатады, уақытылы төлемесең тағы болмайды. Сондықтан екі бөлмелі үйде 10–15 адам болып тұрған кездеріміз де болды. Қазір көбінесе арзан болғандықтан «Думан», «Шаңырақ» сияқты ықшамаудандардан жер үйлерді жалдаймын», – деп өз ойымен бөлісті Ардақ Отарғалиұлы.

Жалпы, пәтер іздеуде көмек болатын екі-үш қосымша мен сайттар бар. Олардың іздеу форматы бірдей. Яғни қосымшаға кіріп, «фильтр» бастырмасын басып, сізге қажетті нұсқаларды белгілейсіз. Бірақ мұнда атап өтетін жайт, «от хозяев» батырмасы. Адамдар осы функция жайлы ұмытып, риелторлардың алдамшы әдемі суреттері мен оған сәйкес келмейтін арзан бағаларға ұсталып жатады. Мысалы, қаланың қақ ортасында 1 бөлмелі әдемі пәтерді 70 мыңға ұсынады. Мұндай жарнамаға алдаңбаныз. Негізі, жұмысын жақсы білетін делдалдар шынымен жақсы пәтерлерді тиімді бағаға таба алуы мүмкін, бірақ оған уақыт пен қосымша қаражат



КЕРЕК ДЕРЕК

• Кез келген пәтердің алдымен бағасы мен жағдайын салыстырыңыз, қаншалықты сәйкес келеді? Егер пәтерде евро немесе авторлық жөндеу жұмыстары жүргізілсе, сантехникасы жаңартылған болса, оның бағасы 120 мыңнан кем болмайды. Іші таза, қарапайым, жайлы пәтерлер құны 90 мыңнан басталады. Қаланың алшақ аудандарында бұдан 10–15 мыңға арзандау нұсқалар табуға болады.

• Екіншіден, әр пәтердің сипаттамасын оқыңыз. Алаяқтардың жазатын мәтіндері әдетте бірдей. Басында олар қаланың сыртында (өзге қалада қонақта) болғандықтан, телефонға жауап бере алмайтындарын, WhatsApp арқылы ғана тілдесе алатындарын жазып, нөмірлерін қалдырады. Әлеуметтік желі арқылы сөйлескенде: «пәтерге кіремін деушілер көп, бірақ алдын ала төлем жасасаңыз, ешкімге бермейміз» деп уәде беріп жатады. Алдаңбаныз. Бұл жерде де ешқандай алдын ала төлем жасаудың қажеті жоқ. Жала беруші барлық құжаттары мен келісім-шартты жіберіп жатса да, сенбеніз. Олар өзге адамдардың жеке мәліметтерін беруі мүмкін. Ертең оларды сотқа да бере алмайсыз.

• Үшіншіден, үйін тезірек жалға бергісі келетін адамдар әдетте оның әр бұрышын фотоға түсіріп салады. Барлық суреттерді мұқият қарап, бір үйден екеніне көз жеткізіңіз.

• Төртіншіден, сипаттамадан үйдің салынған жылын қарап, интернеттегі мәліметтермен салыстырыңыз. Фотоларды Google арқылы іздеп, орналасқан жері, тұрғызылған уақыты бойынша салыстырыңыз. Мысалы, сонғы он жылда салынған үйлер төрт қабатты болуы мүмкін емес.

Өйткені, үй иелерінен тікелей пәтер іздеген іздеуші мұнда ешқандай қиырқылық күтпейді. Сонда алаяқтарды қалай тануға болады?

Қолайлы пәтер тапқаннан кейін пәтер иелерінің түрлі талаптары болатынын ескеру керек. Көбіне жағыз тұратын, уақытылы ақшасын төлеп отыратын, үй жануарларын ұстамайтын, жаман әдеттері жоқ жандарды іздейді. Кейбіреуі депозит сұрауы мүмкін. Көбіне 30–50 мың теңге аралығында.

Сіз жалға алушы ретінде осы талаптарды орындауға міндетті болғаныңызбен, жеке құқығыңызды бұзатын ережелермен келісудің қажеті жоқ. Мысалы, пәтерді жалға беруші шұғыл жағдайларда болмаса, сізді ескертпей, үйге қалаған уақытында баса көктеп кіре алмайды. Келісім-шартта көрсетілген мерзімнен бұрын төлемалығы талап ете алмайды.




Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙ.

Студенттер, жас отбасылар, белгілі бір мерзімге жұмысқа келгендер дегендей... Осылардың ішінен пәтер берушілер баласы жоқ жас отбасыларға, қыз балаларға, тұрақты жұмысы барларға ғана сенім артып жатады.

«Пәтер іздегендегі ең басты қиындық – жігіттерге деген сенімсіздік екен. Себебі, үй иелері ұл балалардың дос жарандары көп, олар ішімдік ішіп, шулап, үйдің астан-кестенін шығарады деп жатады. Ал пәтерді берген күннің өзінде

қажет. Көбіне олар өздерінің қызметіне 15–20 мың теңге аралығында ақша сұрайды. Егер олар алдын ала төлем сұраса, ақшанызды жібермеңіз. Өйткені, мұндай қызмет түрі пәтерге орналасқаннан кейін ғана төленеді. Сенімді риелторлар алдын ала ақша талап етпейді!

Нақты үй иелері жариялаған жарнамаларға назар аударсақ, мүлдем бөлек көрініс туындайды. Ыңғайлы жерде орналасқан, әдемі пәтерлердің нағыз бағаларын көресіз. Алайда, бұл жер алаяқтардың нағыз алаңы.



Жала жауып, сіз кіргеннен бұрын сынған немесе зақым келген дүниелерге айыппұл салуға жол берілмейді. Ал өзіңізді қорғау үшін үйге орналасқан сәтте барлығын тексеріп, келісіп алу қажет. Жиһаздың, сантехниканың, әсіресе, техниканың зақымданғанын көрсеніз, суретке түсіріп алған жөн. Үй иесіне көрсетіп, жөндеп беруін сұрауға толыққанды құқыңыз бар.

Р.С.: Алматы сынды алып шаһар арман қуып келетін жастарды, тұрақты жұмыс іздеп келетін еңбекқор жандарды қызықтыратыны сөзсіз. Алайда, одан пәтер іздеп, қоныс таба алмай жүргендердің саны көбеймесе, азаймайды. Сондықтан жалға берушілер бағаны шарықтатып, өз талаптарын алға тартады. Дегенмен, «тілегенің алодыңнан іздемей-ақ табылар» дегендей, уақыт бөліп, мұқият іздегендер үй-жайын тауып жатады. Біздің бүгінгі кеңестеріміз жалға алушыларға пайдалы болар деп сенеміз. Ең бастысы, алаяқтар айналасына түсіп, ақшаңыздан айырылып қалмаңыз.



Станислав КАНКУРОВ,
Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы:



АБАЙ МҰРАСЫ мұхиттай терең, көк аспандай ауқымды

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, әр заман мен дәуірде қоғам мен тұтас ұлттардың дамуы біліммен және ағартушылықпен тікелей байланысты екендігін байқаймыз. Қазақ даласында да жазу өнері мен әдебиеттің пайда болуы және қарқынды дамуы елі мен жеріне жанашыр, халқының дамуына өмірін арнаған арда азаматтардың еңбегімен тікелей сабақтасады. Осы ретте қазақ көркем әдебиеті мен жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ғұлама Абай Құнанбайұлының заңғар тұлғасын атап өту қажет.

Абай туындылары өмір мен дүниеге деген ізгі көзқараспен, ауқымды көкжиекпен, қазақ қоғамның дамуына деген терең ықыласпен, шет ел мемлекеттерінің білім мен ғылымды толассыз зерделеуінің арқасында зор жетістіктерге жетуіне, осы ұлы көшке қазақ халқының ілесуіне деген терең дүниетанымдық пікірлерімен ерекшеленеді. Абай өз өлеңдеріне білім мен ғылымды арқау еткенін аңғаруға болады. Ол бір өлеңінде: «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. Тоқтаулылық, табанды шыдамдылық, Бұл – қайраттан шығады, білсең керек» – деген. Сондай-ақ, Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетінің де мәні зор.



Парасатты ойшыл еңбекке баулу құндылығына да ерекше көңіл аударған. Мұның көрінісін келесі қазыналы ойлардан аңғарамыз: «Өзің сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап», немесе «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – Бес асыл іс көнсеңіз». Бұл тұжырымның тағы бір кескінін келесі өлең жолдарынан да нақты байқаймыз: «Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық». Абай Құнанбайұлы еңбекке деген сүйіспеншілікті насихаттауды, еңбектің арқасында тұтас елдің алға жылжып, қойған мақсаттарына қол жеткізе алатындығын жан-жақты дәріптеген.

Абай әлемі тұңғығына жеткізбес мұхит тереңдігіндей, қиыры көрінбес көк аспанның ауқымындай десек, артық айтқандық емес. Осы келелі білім мен парасаттылықты айшықтауға, бірлік пен еңбекке деген қасиетті нығайтуға Алаш қозғалысының жетекшілері, қазақ қоғамының зиялы қауымының жаңа толқыны да ерекше ден қойған. Ахмет Байтұрсыновтың, Әлихан Бөкейхановтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың және өзге де Алаш арыстарының еңбектері мен ой-пікірлерінде осы құндылықтарды молынан байқаймыз.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміздің тілі мен білімін, мәдениеті мен шаруашылығын кеңейтуге бағытталған кешенді әлеуметтік-экономикалық реформалар іске асырылды. Сонымен қатар, әруақытта еліміздің ертеңі саналатын – жастардың білім алуына, озық әлем тәжірибесін игеруге және жастардың жауапты қызметтерде өз білімі мен біліктілігін дәлелдеуге ерекше назар аударылды.

Бұл ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын, жастар білімінің өрісін кеңейтуге арналған «Болашақ» бағдарламасын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Президенттік жастар кадрлық резервін» атап өткім келеді. Бұл аса маңызды бастамалардың барлығы жастардың сапалы білім алуына, табанды талпыныс жасауына, аянбай еңбек етуге, ғылым мен өндірісті ұштастыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында тұлға ретінде қалыптасуына және Қазақстанның озық елдер қатарына енуіне негіз болатын бірден-бір фактор – білімге деген құштарлықтың, еңбекке деген талпыныстың және ұдайы ізденістің негізі деп білемін. Сондықтан осы қасиеттерді өскелең ұрпақ бойына сіңіру отбасында, мектеп пен жоғары оқу орны қабырғасында, қоғам ішінде үздіксіз жүзеге асырылуы қажет. Еліміздің кемел келешегінің ертеңі, Қазақстанның жарқын болашағының бастамасы – жастарымыздың білімі теңіздей, талабы таудай болып, жүрегі «Отаным» деп соқсын деген тілек білдіргім келеді.

ЕРТЕҢ – ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ



Айым
НҰРМАН

Шәмші Қалдаяқов – қазақтың ән өнеріне жаңа леп әкелген біртуар өнерпаз. Ол сазды әуенімен шаң басқан жүректерге мөлдірлік сыйлап, жүрек дертіне дауа болды.

Тәуелсіздік жолында 1986 жылы Алматыда алаңға шыққан Желтоқсан жастарының «Менің Қазақстаным» әнін ұрандатуы берекесі емес. Ұлт болашағы қыл үстінде тұрғанда жастардың аузында шырқалған бұл әнде қазақтың бар арманы, намысы мен рухы тоғысқан. Адамға патриоттық рух беретін бұл туынды 2006 жылы тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік Әнұраны болып, ресми түрде белгіленді. Шәмші



ӘН ӘЛЕМІНДЕГІ ҚҰДІРЕТ

«Менің Қазақстаным» әнінің туу тарихын Ақмоланы «Целиноград» деп атап, бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болған советтік саясатпен байланыстырған. Композитордың қазақ жерін бөлшектеуге деген ішкі қарсылығынан туған бұл ән талайдың еңсесін тіктеді. Шығарманы ол Жүмекен Нәжімеденовпен бірлесе жарыққа шығарады. «Махаббат деген – Отанды, елді, жерді, отбасын сүю. Менің әндерім ел мен жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктен туған» деген сазгер сөзінің түп қазығы да осы болар. «Менің Қазақстаным» – отансүйгіштік әндердің алғашқысы. Шәмшінің Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырза-Әли, Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Төлеген Айбергенов, Зейнолла Шүкіров, Тұманбай Молдағалиев, Ғафу Қайырбеков сияқты қазақтың дарынды ақындары сөз жазды. Талант иесінің әндеріне басқа түгіл ағылшынның өнер қайраткері Роберт Файлер таң қалып: «Мен қазақтың ұлы композиторымен танысқанымға қуаныштымын. 300-ге жуық ән шығару деген – ұлы ерлік! Сізге ескерткіш орнату керек», – деген екен.

Шәмшінің өмірлік жолы да, талғамы да өте қарапайым болды. «Ән тек адал жүректен туады» дейтін ол, шексіз таланты мен асқақ атағы бола тұра, өмірінің соңына дейін қарапайымдылығынан танбады. Сазгердің

әндеріне талай сөз жазған Қадыр Мырза-Әли өзінің бір сөзінде: «Әуел баста оның пәтері болмады. Мен Нұрғисамен көрші тұрдым. Ол Шәмшіні қатты жақсы көретін. Бірде Нұрғиса Шәкенді Қонаевқа алып кірді де. Бірақ сол жолы қаладан пәтер алғанымен, қалада ұзақ тұрақтап қалды деп айта алмаймын», – деген екен. Мансапқа еш қызықпаған өнер иесі Композиторлар одағына да мүше болмаған. Қолынан кішкентай мандолинін тастамай жүріп-ақ артына өшпес із қалдырды. Шәмші ағамыздың замандасы, Қазақстанның халық әртісі Мыңжасар Маңғытаевтың: «Шәкең – өлместің ада-

мы, өйткені із қалдырған азамат. Тірі адам ешуақытта жанында жүрген адамды өз деңгейінде бағалай алмайды. Өкінетін жағдайым – Шәкең ерте кетті. Ол жиырмасыншы ғасырдың серісі еді. Бұл азамат күншіл емес еді. Өсек айтпайтын, ешкім туралы қызғаныш айтпайтын. Бір кездесуде Шәкеннен әңгіме естідім: «Сізге неге дер кезінде атақ бермеді?» дегенде, «Халқым-ау, менің алдымда Әблахат тұр ғой», – деді», – деген сөзі Шәмші ағамыздың бойындағы адамгершілік қасиеттің қаншалықты зор болғанын айғақтай түседі.

Бекжан ТҰРЫС, актер:

Қазақ барда ШӘМШІ өлмейді

Мен сазгер жайында кішкентайымнан естіп, әндерін тыңдап өссем де, Шәмшінің әлеміне тек оның образын сомдағанда ғана бойлай бастадым. «Сыған серенадасы» спектаклі М.Әуезов театрында 20 жылдан бері аншлаппен қойылып келеді. «Алмас қылыш қап түбінде жатпайтыны» анық. Оған әлі күнге дейін қойылымға келушілердің қатары азаймайтын дәлел. Бұл халықтың Шәмшіге деген махаббатын, құрметін, сағынышын көрсетеді. Қазақ бар кезде Шәмші ешқашан өлмейді. Себебі, әр қазақтың кеудесінде Шәмшінің үні бар. «Жақсы адамның өлген күні болмайды, туған күні ғана болады» демекші, әндері қазақ даласын әлдилеп тұрғанда, Шәмші де қазақпен бірге жасап, бірге жаңғыра бермек.



Сіз білесіз бе?

• Шәмші туған кезде оған «Жәмшид» есімі берілген.

• Ол пианинода да, домбырада да жақсы ойнаған.

• Қазақтың музыка өнерінде орны ерекше 300-ге жуық әні бар.

• Жастық шағында сыған қызына ғашық болып, онымен бірге таборға кетуге де бел буған деседі. Осы хикаяның желісі бойынша Шәмші Қалдаяқовтың әндерімен үйлескен «Сыған серенадасы» спектаклі қойылған.



• Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазылған «Менің Қазақстаным» әнін Шәмші 26 жасында жазған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде жастар осы әнді шырқады. 2006 жылдың қаңтарында бұл ән

алғаш рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде орындалды.

• Консерваторияда оқығаны туралы білімінің жоқтығынан ол көзі тірісінде Композиторлар одағының мүшесі бола алмады, бірақ бұл мәртебе өзі қайтыс болғаннан кейін берілді.

• Лирикалық әндеріне байланысты Шәмші «қазақ вальсінің королі» атанып кетті.

• 1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер арасында Қалдаяков атындағы халықаралық байқау-фестиваль

өткізіле бастады. Бұл байқау талай таланттың тұсауын кесіп, үлкен сахнаға жолдама әперген.

• Шымкент, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында көше аттары, композитор туған өлке – Шәуілдір ауылындағы музыка мектебі Ш.Қалдаяков есімімен аталады.

• Шымкент филармониясының алдына Қалдаяков ескерткіші тұр.

• Алматыда да сазгер ескерткіші бар, ол Шәмші саябағында орнатылған.



ТАҢДАНДЫРҒАН ТҮЛҒАЛАР

Тазалық

Дінмұхамед ҚОНАЕВ – КСРО-да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ. КСРО-ның ішкі және сыртқы саясатын басқаратын 15 мүшелік политбюроның мүшесі болған.

Отбасында 11 баланың 4-сі. Бойы 198 см., 46 өлшемдегі аяқкиім киген. Басқалар жеке күзетшілерімен жүргенде, Қонаев жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып келетін болған. Шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген, пәтер ауданы 200 кв. м. Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаевтың үйіне қонаққа келгенде, пәтерін ары аралап, бері аралап жүріп: «Бар дүниенің осы ма?», – деп таңданған екен.

Биіктік

Қаныш СӘТБАЕВ 1947 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің делегациясы құрамында Англияға барады. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Сәтбаевқа тесіле қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?», – деп сұраса керек. Сонда Қаныш ағамыз: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік!», – деп жауап берген екен.

Ұмытылмайды


Шәмші ҚАЛДАЯҚОВ пен Әбілахат Еспаев сырахананада тұрса, бір жігіт кіріп келіп: «Мен – Шәмші Қалдаяқовпын!», – деп өзін таныстырады (Бір заманда өтірік «Шәмшілер» көбейіп, сазгердің атын пайдаланғандар аз болмапты). Екі дос не дерін білмей, тосылып қалады. Ә.Еспаев: «Мен – Әбілахат Еспаевпын», – дейді. Ал Шәмші өзін: «Мен – Ахмет Жұбановпын», – деп таныстырады. Өлгі жігіт кеткен соң Еспаев: «Өлген адамның атын айтып, өтірік танысқаның ұят болды ғой», – дейді. Сонда Қалдаяқов: «Ұялса, анау жігіт ұялсын. Ол тіріні өлтірді, ал мен өліні тірілттім», – деген екен.

Ана

Құман ТАСТАНБЕКОВ әйгілі «Қыз Жібек» шыққаннан кейін туған ауылына Меруерт Өтекешова екеуі шақыртумен барады. Соның алдында ғана жерлестері «Төлегеннің» анасына фильмді көрсетеді. Картинаның аты дүрілдеп, газет-журналдарға жазыла бастаған кезі. Шешесі соған дейін өмірі киноға бармаған кісі екен. «Алдыңғы қатардың біріне отырғызыпты. Фильмді көріп отырған. Түсінді ме, түсінген жоқ па, білмеймін. Төлегенге Бекежанның жібесі қадалатын жері бар ғой, соны көріп шешем, «Ойбай, баламды өлтірді ғой» деп ойбайлап, талып қалыпты», – дейді актер бір сұхбатында. Кейін осы оқиға ауыл арасында әңгіме болып тарап кеткен екен.



Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ДҰҒА –
РУХАНИ
САУЫТ

Жақында бір үйде қонақта отырғанда бата беру, дұға жайында жақсы бір ой естідім. Негізсіз емес сияқты. «Ауру балалардың көбейіп, отбасылық мәселелердің күрделеніп кетуінің бір сыры – Кеңес Одағындағы атеистік қоғамда өскен ата-аналарымыздың өз балалары және ұрпағы үшін дұға жасамауынан, үлкендердің бата беру дәстүрінің үзіліп қалуынан» дейді. Ойланатын нәрсе.

Ерте кездері түсірілген фильмдерді қарап отырсақ, үлкендердің қолына су құйып берген балаға риза кейіппен батасын беріп жататын эпизодтар бар. Ондай көріністерді ауылда бала кезімде де көріп өстік. Әжелеріміз ұйықтар кезде және таңғы ішідан кейін дұға жасап, дастарханнан бет сипап тұратын. Демек, біз мән бермей жүрген нәрсенің бірі – дұға.

Осыған байланысты теолог, исламтанушы Рауан Чингужанов мынадай ой айтқан: Ғибадат деген тек намаз, ораза емес, біздің ұйықтауымыз, уақытында ерте тұруымыз, әр ісіміз, әр әрекетіміз, сондай-ақ білім алғанымыз да, біліммен бөліскеніміз де – ғибадат. Физикалық деңгейдегі ғибадаттардың сұлтаны бо-

лады. Сол сияқты, рухани деңгейдегі ғибадаттардың да сұлтаны бар. Оған Алла Елшісінің хадисі дәлел. «Дұға – ғибадаттың миы» дейді. Ғалымдар бұл хадисті түсіндірген кезде «дұға адамның рухани жанына қан сияқты» дейді. Біздің физикалық ағзамыз қан болмаса өмір сүрмейді ғой. Тура сол сияқты рухани

Мұсылманша
жаңа жыл басы

Мұсылман күнтізбесі бойынша 1442 жылдың зұлхижжә айы аяқталып, 1443 жылдың мұхаррам айы басталады. Мұхаррам – мұсылман жыл санауының алғашқы айы. Биыл мұхаррам айының бірінші күні 10 тамызда кірді.

«Мұхаррам» сөзі «қасиетті», «тыйым салынған» дегенді білдіреді. Бұл – Құранда айтылған қасиетті төрт айдың бірі. Алла Тағала: «Шын мәнінде, Алланың құзырындағы айлардың саны – 12. Жер мен көк жаратылған күннен бастап Алла солай белгілеп қойды. Оның төртеуі соғысуға тыйым салынған айлар: зұлқағда, зұлхижжа, мұхаррам және ражаб», – деген.

Әзірет Әлидің ұсынысымен хижрет бойынша жыл қайыру Ислам тарихының басы әрі мұсылман күнтізбесі ретінде қабылданса, мұхаррам – сол күнтізбенің алғашқы айы болып бекітіледі.

Бірде Әбу Зәһр (оған Алла разы болсын): «Уа, Алла елшісі, түннің қай мезгілі хайырлы және айлардың қайсысы абзал?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Түннің ортасы хайырлы, ал айлардың ішінде сендер «мұхаррам» деп атап жүрген Алланың айы абзал», – деп жауап берген.

Бұл айда мұсылман қауым ерекше саналатын Ашура күні бар. Биыл

ол 19 тамызға түсіп тұр. «Ашура» сөзі араб тілінде «ашара» он санынан шыққан. Бұл күн мұхаррам айының оныншы күніне сай келгендіктен «Ашура», яғни оныншы күн деген атау берілген. Ашура күнін қасиет тұту сонау жәһили (надандық) дәуірінен бастау алады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдина қаласына хижрет еткеннен кейін, қаланың байырғы тұрғындары болып табылатын Яхуди дінін ұстанатындардың да Ашура күні ораза ұстайтынын көреді. Мұның себебін сұрағанда: «Бұл күні Мұса пайғамбар және Исраил қауымы Перғауынның құлдығынан құтылып, Перғауын және оның ізбасарлары суға тұншықты. Осылайша перғауынның құлдығынан құтқарған Аллаға шүкір етіп, Мұса пайғамбар ораза ұстаған», – деген жауап алады. Сонда Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Біз Мұса пайғамбарға сендерден де жақынырақпыз», – деп, сол күні ораза ұстауды мұсылмандарға кеңес етеді.

Бұл күнді Яхудилер «мейрам» ретінде көргенімен, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол күні тек ораза ұстауды бұйырды. Сондықтан мұсылмандар ашураны мейрам ретінде санамайды, керісінше ауыз бекіткенді жөн көреді.

Мүмкіндік болып жатса, Ашура күнімен қосып бір күн алдын және бір күн кейін ораза ұстау – ұнамды (мұстахаб) іс.

Хакім Абай дін жайлы

- «Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта».
- «Махаббатпен жаратқан адамзатты Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті».
- «Ауруды жаратқан – Құдай, бірақ ауыртқан Құдай емес».
- «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек!».
- «Алланың өзі де рас, сөзі де рас».
- «Адамды сүй, Алланың хикметін сез».
- «Сен асыққан екен деп Алла әмірін өзгертпес».
- «Алла асыраған пенде аш болмайды».

жағдайымыз дұғасыз болмайды. Бұл жерде біз тілек форматындағы дұғаны айтып тұрған жоқпыз. Егер біз Алла Елшісін дұға адамы десек, оның әр ісінде, жатарда, ұйықтарда, тұрарда дұға ететіні бізге үлгі. Тіпті, намаздың өзі араб тілінен аударғанда, «дұға» деп аударылады. Қазіргі кезде мұсылман баласы өте көп дұғаға жүгінуі керек. Неге? Себебі, бұл ғасырда рухани әлемімізге шабуыл көп. Физикалық деңгейде біз егер күн салқындаса жылы киім киетініміздей, тура сол сияқты, дұға – біз үшін рухани бронезиет. Таңғы және кешкі дұғаларымыз, Алла Тағалаға жалбарынуымыз рухани бронезиет. Көз тию, үш әріптердің қағып кетуі, дуалау деген сияқты небір нәрселердің бары рас. Соның бәріне қарсы тұрарлық біздегі рухани бронезиет, ол – дұғамыз.

Пайғамбарымызды сиқырлап, дуалап тастаған кезде Алла Тағаладан арнайы осы себепті түсірілген «Фәлақ», «Нас» сүрелері бар. Ғалымдардың реттілігі бойынша «Фатиха», «Аятұль-Курси», «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелерін оқыса, кешке дейін періштелер күзетіп тұрады. Ал түнде оқыса, таңға дейін күзетеді. Мүмкін болса мұсылман баласының тілі дұғадан, зікірден, салауат айтудан босамауы керек. Дұғаның араб тіліндегі мағынасы қалқан деп аударылады. Егер балаларға жоғарыда айтқан сүрелерді жаттатып қойсақ, онда оларға тұмар тағудың да қажеті жоқ, өйткені, сүре рухани тұмар, ол баланы қорғайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ай күнтізбесінің
мәні неде?

Өзіміз күнделікті қолданып жүрген 30-31 күндік Григориан күнтізбесі табиғатта болатын мерзімді процестердің ешқайсысымен сәйкеспейді. Сол үшін исламда ай күнтізбесі қолданылады. Ол – жердегі табиғи процестердегі циклдік өзгерістермен байланысты табиғи кезең. Ай күнтізбесінде теңіздер мен мұхиттардың суы толады, олардың қуаты айдың қай күні екеніне қарай артып не азайып отырады, атмосферада да өзгерістер болады. Айдың жер магнитосфералық шлейфі арқылы өтуі магнитосфераның параметрлеріне де әсер етеді; күн сәулесінің Ай бетіне шағылысуы да мезгіл-мезгіл өзгеріп отырады. Мұндай өзгерістердің бәрі өсімдіктер, жануарлар мен адам ағзасында да болады. Сондай-ақ, ашыту процестерінің қарқындылығы, дақылдардың (сәбіз, картоп) оттегіні сіңіруі, жануарлардың көбею кезеңдері (әсіресе, теңіз жануарлары), овуляцияның айлық жиілігі де осы ай цикліне байланысты.

Сонымен, күнтізбедегі әдеттегі жыл 365 (366) күнді қамтиды. Онда «күн» айлары ақпаннан басқасы 30-31 күннен тұрады. Ай күнтізбесі 29 не 30 күннен тұрады және ол айдың фазаларына байланысты. Тиісінше, ай жылының басталуы және айдың барлық күндері күнге қатысты шамамен 10-11 күн алға жылжиды. Жер серігі аспан сферасымен 223 түрлі орбитадан тұратын өте күрделі траектория бойынша, әртүрлі параметрлері бар эллипстерде қозғалады. Сондықтан әдетте айдың басталуын жаңа айдың тууымен анықтайды.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

**2021 жылға
«Almaty aqshamy»
газетіне
төрт айға жазылу
жүріп жатыр**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен әрдайым
БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ЖАҢА ФИЛЬМ

Халықаралық фестивальдерде 30-дан астам марапатқа ие болған қазақстандық «Күнбағыс» фильмі прокатқа шығады. Бұл туралы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы әлеуметтік желіде мәлімдеді.



«КҮНБАҒЫС»

отандық фильмі прокатқа шығады



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Аталған студия мен режиссер Эля Гильман бірге түсірген фильм ғаламторға тәуелді жасөспірімдердің тағдыры туралы баяндайды. Картина 20 халықаралық фестивальде түрлі номинациялар бойынша 30-дан астам марапатқа ие болды. Cannes Film Awards кинофестивалінде 5 сыйлық: «Үздік драма фильмі», «Әйел режиссер

түсірген үздік фильм», «Үздік шетелдік фильм», «Көркем фильмдегі үздік жас актер», «Режиссердің бірінші үздік толықметраж фильмі» сыйлықтарын жеңіп алған. Сонымен қатар, Paris Film Festival кинофестивалінде ерекше ілтипатқа ие болды.

Жасөспірімдер мен ата-аналар тақырыбын қозғайтын туынды жақында, яғни қыркүйек айында отандық кинотеатрларда тұсауын кеспек.

**САЯХАТҚА
ШАҚЫРАДЫ**



**Айым
НҮРМАН**

10 тамызда қаламыздағы Ә.Кастеев музейінде суретші Герман Титовтың «Саяхатқа шақыру» атты жеке көрмесі ашылды. Экспозицияда суретшінің 40-қа жуық кескіндеме туындылары қойылған.

Украиналық Герман Титов 1964 жылы отбасымен Қазақстанға, Алматы қаласына қоныс аударған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына көркем-графикалық факультетіне түседі.

«Саяхатқа шақыру» көрмесінде ол соңғы төрт жылғы 39 кескіндеме туындыларын ұсынып отыр. Суреттердің сюжеттерінен қазіргі қаланың өмір динамикасынан туған қарапайым адамның ойлары бейнеленеді. Экспозициядағы жұмыстары Тондо форматында, шындықтың эмоционалды сезімін қарқынды түстердің үйлесімі арқылы жеткізеді. Мысалы, «Қала», «Арман», «Ұшақ мықты ма немесе



машина мықты ма?» атты басқа туындыларында бұлыңғыр, қызыл-қоңыр, қызғылт сары, шоколад реңктер арқылы бір жағынан күннің қызуын бейнелесе, ал екінші жағынан қандай да бір шаршауды көрсетеді. Оның кескіндемесінің басты ерекшелігі – сызықтармен қоршалған жарқын түсті бояулардың үйлесімі мен графикасы. Бұл оның көрерменді әртүрлі бейнелерге толы ойларына сапарға шақыруы сияқты. Ойлар мен сезімдердің калейдоскопы ретінде адам өмірін түсінуге итермелейтін «Саяхатқа шақыру» көрмесі 10 қыркүйекке дейін жалғасады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жетісу ауданы әкімінің аппараты мен аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының от жалынынан өткен майдангер ардагер **Қоңыр МЕНДІҚАРАЕВТЫҢ** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Қазаның арты қайырлы болсын. Атамыздың топырағы торқа, иманы жолдас болсын.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс

Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS2020/KZ
kazInformkazInform
CORONAVIRUS2020.KZ
ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?
ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:EGOV
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ
ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫDAMUMED
МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫӨЗ ЕМХАНАҒЫЗҒА
ТЕЛЕФОНМЕН ҚОҢЫРАУ
ШАЛУ АРҚЫЛЫ

АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ НЕ ӨСЕР ЕТЕДІ?

АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР
АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН
ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕДІ

ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАУЫ МҮМКІН:
ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ЖӘНЕ
ИММУНДЫ БАСУ ТЕРАПИЯСЫН
ҚАБЫЛДАП ЖҮРГЕН ПАЦИЕНТТЕРДЕ
ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРДЕ

АҒЗАСЫНДА ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР ПАЦИЕНТТЕРДЕСТАТИСТИКА БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН
АУРУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРҒАН
АДАМДАРДЫҢ 10%-ДА
АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛМЕЙДІCORONA
VIRUS2020/KZ
kazInform

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.08.2021

Түнде:

+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

15.08.2021

Түнде:

+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр, найзағай..

Күндіз:

+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр, найзағай..

Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 10 м/с

ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

«Ақсай-3» ықшамауданы жақтағы фитнеске барып жүргелі біраз болды. Алғашқы кездері «мен ғана спортпен айналыспай жүр екенмін ғой» деген де ой келген. Өйткені, бастауыш сыныптың қыздарынан бастап, зейнеттегі орыс апалар да бассейнден шықпайды, біреуі жанын салып тренажерда жаттығып жүрсе, тағы біреулері фитнес залға күнде кіруге болатындай жарты жылдық абонемент алып алған.

Әсел
ДАҒЖАН

Тағы бір байқағаным, фитнеске жиі келетіндердің арасында – орыстың жасы 50-ден асқан әйелдері мен қырғыздың қыз-келіншектері бар. Үнемі көремін. Ал қазақтың әйелдері, қыздарын фитнеске алып келіп, өздері сыртынан қарап жүреді.

Менеджер Әлияның айтуынша, пандемия басталғанға дейін күніне әйелдер залының өзіне ғана 200 адам келсе, қазір 500-дей адам келіп жүр. Яғни келушілер саны екі есе артқан. Ал ерлер мен әйелдердің ортақ залында адам тіпті көп көрінеді. Жаңа туған нәрестелерге арналған бөлек бассейнге де жас баламен келетін аналардың қарасы басым. «Коронавирус денсаулықтың қадірін сездіруде», – дейді Әлия.

СПОРТСҮЙЕР
АЛМАТЫЛЫҚТАР
КӨБЕЙДІ

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда спортпен жүйелі түрде айналысатындар саны алматылықтардың 30%-ын құрайды. 2020 жылы қалада спорт ғимараттарының саны 745-ке артқан, яғни ол 3400 нысанды құрайды. Биыл жергілікті бюджет есебінен 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені және жалпы ауданы 38 000 ш.м. болатын 1 теннис орталығы салынады. Ол тәулігіне 5250 адамды қабылдамақшы. Ал жалпы білім беретін мектептердің спорт залдарымен қамтамасыз етілуі – 100%. Орта білім беру жүйесінде 110 мың баланы немесе оқушылардың жалпы санының 40%-ын қамтитын 3721 спорт секциясы жұмыс істейді. Сондай-ақ, биыл 33 мектеп стадионын жаңғырту үшін қаржы бөлінген.

2021 жылға қала балаларын спортпен, мәдениетпен және мектептен тыс қосымша білім берумен жабпай қамту үшін жағдай жасау бойынша білім беру, спорт, мәдениет, қоғамдық даму және қоғамдық денсаулық басқармаларының бірлескен шаралар қабылдауын көздейтін жол картасы әзірленді. Ол еліміздегі Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саинмен келісілген.

ҚР МСМ Спорт комитетімен бірлесіп жан басына қаржыландыруды енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Балалар мен жасөспірімдерді спортпен жабпай қамту үшін Алматы қаласы республиканың пилоттық үш өңіріне енгізілді. Жастарды салауатты өмір салтына тарту мақсатында қаланың 8 ауданында тегін негізде спорт секциялары мен үйірмелері бар 50 демалыс орталығы жұмыс істейді және онда 5280 адам қамтылған. 2023 жылға қарай Бос уақыт орталықтарын 200-ге, ал биыл қосымша 50 орталыққа ұлғайту жоспарланған.

Жадыра ШЫҢҒЫСОВА, тренажер залының жаттықтырушысы:

– Бір байқағаным, биыл спортқа бет бұрушылар саны соңғы 2-3 жыл бұрынғымен салыстырғанда, көдімгідей артқан. Негізі, 14 жастан бастап 70 жастағы кісілер де жаттығу залына келе береді. Ең маңыздысы, дұрыстап мән беріп, көңіл бөлсе, денсаулықты қалпына келтіруге болады. Сабақты екі жыл үйде оқыған мектеп оқушылары да жаттығу залына келіп, спортты қолға ала бастағанын көріп жүрмін. Клубқа келетін адамдар саны ғана көбейген жоқ, қазір байқаймын, қалалықтар саябаққа жиі шығып, тауға көп баратын болған.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қалалық Спорт басқармасы жастар үшін жаз бойы тегін жаттығулар ұйымдастыруда. Жаттығулар аясында кәсіби бапкерлер футбол, йога, кануэ есу сияқты спорт түрлері бойынша жастармен жұмыс жүргізеді. Бұдан басқа, Жекпе-жек орталықтарында 8 спорт түрі: каратэ шинкиокушинкай, самбо, қазақ күресі, муайтай және тағы басқа спорт түрінен жаттығулар жүргізіледі.

Жаттығулар ықшамаудандардың спорттық алаңдары, саябақтар мен Жекпе-жек орталықтарында өтеді. Бұрын спортпен айналысқан айналыспағаныңыз маңызды емес, спортпен айналысуға құлшыныс болса жетіп жатыр.

Алатау және Алмалы аудандарында қазақша күрес, Жетісу ауданында Ушу-санда, самбо, каратэ-годзюрю мен қоян-қолтық төбелестен тегін жаттығулар өтеді. Оны басқарманың инстаграмдағы sport_almaty2020 парақшасынан көруге болады.